«ИГІЛІК-ГН»
Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Товарищество с ограниченной
ответственностью
«ИГІЛІК-ГН»

060300, Атырау облысы, Исатай ауданы,
Аққыстау селосы, Т.Мұсағалиев көшесі, 8/12
Тел.: 8 /71231/ 2-05-44, 8 701 393 80 57
E-mail: TOO8057@mail.ru

060300, Атырауская обл., Исатайский район
село Аккыстау, улица Т.Мусагалиева, 8/12
Тел.: 8 /71231/ 2-05-44, 8 701 393 80 57
E-mail: TOO8057@mail.ru

«31» мамыр 2019 ж. № 27 «31» май 2019 г.

**"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит
комитеті" РММ-не**

"Игілік-ГН" ЖШС электрондық конкурс №3288824-1 Исатай ауданы, Оркен ауылының көшелерін жарықтандыру құрылысы жұмыстарына қатысқан болатын. Алайда ағымдағы жылдың 28 мамырындағы № 3288824-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасы бойынша Әлеуетті өнім берушіде ұлттық немесе халықаралық стандартқа сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуына 2% пайыз жеңілдік және Әлеуетті өнім берушіде ұлттық стандартқа экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуына 1% пайыздық шарттық жеңілдіктер көрсетілмеген. Конкурстық құжаттама бойынша өтінімдер қабылдаудың басталу мерзімі 22.04.2019 жыл, өтінімдерді қабылдаудың аяқталу мерзімі 07.05.2019 жыл деп көрсетілген. Біз конкурсқа ұсынылып отырған сапа менеджменті жүйесі және экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын сертификаттың уақытының аяқталуы мерзімі **2019 жылдың 20-ы мамырына** дейін деп көрсетілген. Демек конкурстық құжаттама бойынша өтінімдер қабылдаудың басталу мерзімі мен аяқталуы мерзімі аралығындағы тапсырылған құжаттар (**яғни 22.04.2019-07.05.2019ж.ж аралығы**) сол уақыт аралығында өз күшінде болғандықтан конкурстық құжаттамаға жарамды болып табылуы тиіс.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 11 параграф, 153 тармақшасы бойынша, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді анықтау мақсатында, Әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын құжаттарды бермеген жағдайда конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды делінген. Алайда растайтын құжаттар конкурстық құжаттама қабылдау

уақытында ұсынылды және сол уақыт аралығында заңды күшінде болды, шарттық жеңілдіктер қолданылуы тиіс деп санаймыз.

Сапа менеджменті жүйесі және экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын сертификат кейінгі конкурстарға мерзімі өткеннен кейін жаңадан жаңартылып салынды.

Аталған кемшіліктерді ескерте отырып, сізден құзырлы орган ретінде мемлекеттік сатып алу бойынша қорытынды туралы хаттаманы кері қарастыруыңызды сұраймын.

Жалғанды: Сертификаттар.

"Игілік-ГН" ЖШС нің директоры **Ғайдаров Н.Ғ**

ЖШС «Игілік-ГН» ТОО